

## ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ

*Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті Қазақ тілі және әдебиеті  
бағытының 3-курс студенті*

**Сайфудинова Насиба Сейдрахымқызы  
Балтаева Нодира Темур қызы**

*Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті  
Факультетаралық Шетел Тілдері Кафедрасы оқытушысы.*

**Аннотация:** *Мақала барысында қазақ баспасөзінің пайда болуынан бастап дамуы жайында мәліметтер берілген. Аталмыш мақала баспасөз жанрының ғана емес қазақ халқының тұрмыс тіршілігінен де сыр шертеді. Баспасөз дамуы барысында уылтыруға үшін үлес қосқан жанашырларымызды ұмытпаған жөн. Мақаланың басты мақсаты жас ұрпақты отанға, тілге, ұлтқа деген ұлттық патриоттық сезімді тәрбиелеу және де жетілдіру болды. Баспасөз тарихы өте қызықты әрі онда еңбек еткен жазушылардың ерлігі тілге тиек ететіндей дүние.*

**Кілт сөздер:** *ғұлама, сауат, халық, баспасөз, ұлт, жанашыр, рух, патриот, еңбек, жас.*

**Abstract :** *The article provides information about the Kazakh press from its inception to its development. The article tells the story not only of the press genre, but also of the life of the Kazakh people. It is important not to forget our comrades who contributed to its development during the development of the press. The main goal of the article was to educate and improve the national patriotic feeling of the younger generation towards the homeland, language, and nation. The history of the press is very interesting, and the feat of the writers who worked in it is a world that speaks volumes.*

**Keywords:** *scholars, literacy, people, press, nation, sympathizer, spirit, patriot, work, youth.*

### КІРІСПЕ БӨЛІМ.

Баспасөз— мерзімді және мерзімсіз басылымдардың жиынтық атауы. Баспасөз — халық арасында әр түрлі ақпараттар тарата отырып, қоғамдық пікір қалыптастыруға, саяси жұмыстар жүргізуге, мемлекеттің, әлеуметтік топтардың не жекелеген тұлғалардың мүдделі мұраттарын танытуға қызмет етеді. Қазақ баспасөзі қашанда биік әрі құнды деп айта аламыз. Өйткені баспасөз дамуы кезеңдері бірнеше қиын толғаулы кезеңдерді бастан кешті. Бүгінгі күндегі баспасөз қызметі кешегі ақын жазушыларымыздың еңбегінің арқасы екені сөзсіз. Әрине, баспасөз сол тілмен айтқанда газетін шығарудың өзі біршама қомақты материалды және қажымас қайратты талап етеді. Білім саласының дамуына түрлі қарсылықтар басып жатқан жағдайда газет жинап оны халық арасына таратып отыру айтарлықтай еңбек. Қазақша кітаптардың басылымына түрлі сындарымен ойым пікірлер айтылап авторлары қыспаққа алынып

жүрген дәуірде газетті шығару ісін мойнына алуы нағыз ерлік. Мәдениет сондай жазушылар ұлт жанашырлары бола алады. Қазақ баспасөздің барлығы болуы қазақ халқының ауыз әдебиетінің байы болуы демек.

Негізгі бөлім. Баспасөз және оның қазақ даласына тарап отыруының бірден бір себебі үкіметінің қаулыларын халыққа оңай тарату және халықарасында патшалықты мадақтау болды. Баспасөздің редакторлары қазақ тілінің дамуы тарихын ерекше қарқынмен сипаттады. Олардың бірі А. Қарманбаев. Ол басқа тілденген термин сөздерді қазақ тілін ұйқастырып, келістіріп жазу керек деген ойды алға қояды. Мысалы арабша "ғұлама" сөзін қазақшада "ұлама" енгізіңіз. Осындай жағдайда қазақ тілінің нағыз ерекшелігін сақтап қала аламыз. Өкінішке орай мұндай үлгіні тек Абайдың шығармаларынан ғана байқаймыз. Ол қазақтың басқада көрнекті жазушылардың ешбірі мұндай іске қол қорған жоқ. Сондай-ақ ол қазақ тілі түркі тілдерінің ішінде ең түсінікті әрі сөйлеу тілі қолайлы тіл санайды. Оның себебі отбасы қазақ халқы отырықшыл халық емес көшпешіл халық болғанында дейді. Қазақ ұлтына бірнеше жылдар бойы қызмет еткен газет журналдар болды. Атап айтсақ олардан "Айқап" журналы (1911-1915) жылдар аралығында небәрі төрт жыл қызмет етсе де жұртына пайдалы қызмет ете алды. Келесі журнал бізде қазақ газеті (1913-1918) бес жыл бойы қатарынан шығып отырған газеттің бас редакторы Ахмет Байтұрсынұлы болды. ол газеттің белгісі киіз үй болады. Яғни оның мақсаты ұлтқа қызмет етсін деген мақсатпен газетті шығарып отырады. Оған бұл мәліметтерді жинау барысында Мыржақып Дулатов көмекші болады. Екеуінің еселі еңбектерінің арқасында қазақ газеті жарық көрді. Келесі газет (1870-1882) жылдар 12 жыл бойы шығып отырған Түркістан газеті. Бұл газеттерде қазақтың мақал мәтелдерімен жұмбақтары өлең жырлары әңгімелерімен ертекері жарияланып отырған. (1875-1878) жылдар аралығында сыншылдық ойып пікірге қатысты еңбектер жариялана бастады. Қазақ даласына адалнан қызмет етіп халықтың көзін ашып көкірегін ояту мақсатымен 14 жыл бойы қатарынан шығып отырған "Дала уалаяты" газеті (1888-1902) ж барысында қазақ даласына қызмет етіп, қоғамдық ойдың тегеурінді әсерінен де шыққан еді. Сондықтан қазақ оқығандарының ұлт баспасөзі жөнінде ұлттық рухпен патриоттық сезімін дамытуда үлес қосты. Сондай-ақ Газет негізінен, патшаның реакцияшыл, отаршылдық саясатын насихаттайтын материалдарды жариялаумен айналысқанын жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, ресми емес бөлімінде егіншілікті өркендету, отырықшылыққа көшу, ғылым жаңалықтары, дәрігерлік көмек, мектеп ашу, қазақ тілін, әдебиетін дамыту проблемалары, ел басқару, сауда ісін жолға қою, мал тұқымдарын асылдандыру және т.б. көптеген мәселелерді қамтып тұрды.

Ал, көптеген публицистер негізі ойларын тұспалдап, мысал ретінде жеткізуде шеберлік танытқан. Басылым ауыз әдебиеті үлгілерін жариялауына, әсіресе, әлем әдебиетінің аударма үлгілері елеулі әсерін тигізсе керек. Атап айтар болсақ, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтардың Л. Н.Толстойдан аударған «Ұзақ пен көгершін», «Бұғы мен қарақаттың сабағы», «Бұғы», «Қоян», «Өтпес пышақ» сияқты мысал

әңгімелері бар. Сондай-ақ, «Редакцияға хат» деген айдардың аясында хаттар, мақалалар жарияланып, қазақ жазба әдебиеті мен қазақ тілін дамытудың көкейкесті мәселелері қозғалған. Авторлар аударма және қазақ ақындарының таңдаулы шығармаларын жинап, жеке кітап етіп шығару жөнінде де пікір алысқан. Негізінен, «Дала уәлаяты» газетінің кітап болып шығуына ғалым. Ү.Субханбердинаның сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Ол «ДУГ»-ті шыққан жылдар бойынша төрт томға жинақтаған. «Дала уәлаяты» газетінің екінші томында Д.Сұлтанғазинның «Қазақ тілінше жазу турадан» атты мақаласында да ауқымды мәселелер көтерілген. Автор қазақтың сөз қорындағы кірме сөздердің тілімізге енуі, сіңуін жан-жақты қарастырған, оған өзіндік пікірін білдірген. Аталмыш газеттің үшінші томында Д.Сұлтанғазинның «Қазақ сөзін қалайша жазу турасы» атты мақаласы да тілге қатысты елеулі проблемаларды ашық көтерген. Автор сол кездегі графика мәселесіне, орыс ғалымдарының, қазақ оқығандарының көкейіндегі даулы мәселелерге тоқталған. «Дала уәлаяты» газетінің төртінші томында, Рақымжан Дүйсенбаевтың «Харіп турасының сөзі» атты мақаласы да қазақ тіліне қатысты. Мақалада автор қарапайым халық ғылымды білу үшін, төл дыбыстарымызды еш кедергісіз таңбалап, қағаз бетіне түсіру үшін әліпбиімізді түсінікті етіп бір ізге түсіру керектігін алға тартады.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, қазақ баспасөзінің басылымындарын оның жеңісі мен жемісін зерттеу бүгінгі ұрпақтың парызы әрі кешегі өткен ғалымдардың алдындағы қарызы десек қате болмайды. Өйткені, әрбір қазақтың қызымын, ұлымын деген жас ұрпақ ұлтының даму тарихын білуі тиіс. Әсіресе қазақ әбеби тілінің, қазақ әдебиетінің орны ерекше. Қазақ тілінің қалыптасуы, ауыз әдебиетінің одан әрі дамуы, сақталып, ауыздан-ауызға өтіп күні бүгінге дейін жетіп келуі мұның барлығы еңбек. “Еңбегі қаттының татқаны тәтті болады” демекші кешегі еңбектің нәтижесін бүгінгі жарқын болашақтан көре аламыз.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

- 1)Қазақ Энциклопедиясы, республикалық ғылыми-танымдық, 2010 жыл.  
Бейсенов Қ. Қазақ баспасөзі тарихы. Алматы: «Мектеп», 1996.
- 2)Қоңыратбаев Ә. Қазақ журналистикасының тарихы: оқулық. Алматы: «Қазақ университеті», 2011.
- 3)Қозыбаев С. Қазақ баспасөзі: даму кезеңдері мен мәселелері. Алматы: «Арыс», 2002.
- 4)Нұртазин Т. Қазақ журналистикасының қалыптасу тарихы. Алматы: «Қазақ университеті», 1972.
- 5)Әбдезұлы Қ. Ұлттық баспасөз және ұлттық сана. Алматы: «ҚазҰУ баспасы», 2008.
- 6)Қуанышбаев С. «Қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығаштары: ‘Түркістан уәлаяты газеті’ мен ‘Дала уәлаяты газеті’.» Қазақ тарихы, 2015, №4.

7) Baltayeva, N. (2024). INCREASING STUDENTS' VOCABULARY WITH THE HELP OF SYNONYMS IN ENGLISH AND UZBEK LANGUAGES. Mental Enlightenment Scientific-Methodological Journal, 5(07), 47-53.

8) BALTAYEVA, N. (2024). INGLIZ TILINI O 'QITISHDA SINONIM SO 'ZLARINING O 'XSHASH VA FARQ QILUVCHI JIHATLARINI O 'ZLASHTIRISHNI SHAKLLANTIRISH. News of UzMU journal, 1(1.4), 285-288.

9) qizi Baltayeva, N. T. (2024). METHODOLOGY FOR DEVELOPING STUDENTS' ABILITY TO LEARN FROM SYNONYMS. Mental Enlightenment Scientific-Methodological Journal, 5(03), 37-42.